

# ELANTRA



# Өзіңізді сынап көріңіз

Жаңа ELANTRA бұрынғыдан да стильді шешімдер үйлескен бейнесінің батылдығымен және таңдамалылығымен таң қалдырады. Спорттық сыртқы келбеті, мінсіз интерьер дизайны, сондай-ақ қауіпсіздік пен жайлылық саласындағы озық технологиялар автокөлікті болашаққа батыл бет бұрып, өз талаптарын белгілейтіндер үшін тамаша таңдау етеді.



# Экстерьер

«Параметрлік динамика» дизайны тілінің және шанақтың жаңартылған пропорцияларының арқасында жаңа ELANTRA ерекше қуат береді.



Күндігі жарық шамдарының жіңішке жарықдиодты жолағы



Артқы бүйірлік терезенің сәндік жапсырмасы



17-дүймдік жеңіл балқығыш дөңгелек дискілері және шиналар



# Интерьер

Заманауи дизайн және экологиялық таза материалдар таңдаулы және нәзік атмосфера жасайды.



**Салон жұмсақ реңктерде тысталған**  
Жолаушы жағынан алдыңғы панельді және есік панельдерін әрлеу үшін премиум класты материалдар қолданылады.



**Жасанды былғарымен қапталған орындықтар**  
Премиумдылық сезімін тудыратын экологиялық таза шешім.

# Жайлылық

Озық технологиялар мен жайлылықты арттыратын көптеген шешімдер сапарлардан ләззат сыйлайды.



## Панорамалық дисплей

Бір корпусқа біріктірілген диагонали 10,25 дюйм болатын цифрлық аспаптар тақтасы мен 10,25 дюймдік мультимедиялық дисплей жүргізушіге қарай 10 градусқа қисайған. Бұл қозғалыс кезінде ақпаратты оқудың ыңғайлылығын арттырады.

## Смартфондарды сымсыз зарядтау жүйесі

Смартфоныңызды жылдам зарядтау үшін оны сымсыз зарядтау бөліміне қойсаңыз болды.

## Auto Hold функциясы бар электр-механикалық тұрақ тежегіші

Электрмеханикалық тұрақ тежегіші тиісті пернені басу арқылы қосылады және өшіріледі, ал Auto Hold функциясы автокөлікті тоқтағаннан кейін автоматты түрде орнында ұстайды, бұл аяқты тежегіш басқышынан алуға мүмкіндік береді. Мұның бәрі көлік жүргізу кезінде жайлылықты арттыруға көмектеседі.

## Жеке профиль


Пайдаланушы параметрлері мультимедиялық жүйеде іске қосылған пайдаланушы профиліне байланысты автоматты түрде таңдалады.

## Бірнеше құрылғыны көлікпен жұптастыру мүмкіндігі бар Bluetooth интерфейсі

Көлікке бірнеше құрылғыны сымсыз байланыс арқылы қосыңыз және қалауыңыз бойынша аудио ойнату көзі ретінде қайсысын пайдалану керектігін таңдаңыз.

# Қауіпсіздік

Новая ELANTRA гарантирует высокий уровень безопасности, свойственный премиальным автомобилям.



## Айнала шолу жүйесі (SVM)

Көліктің айналасындағы жағдайды немесе тұраққа қою кезіндегі айнала шолудың артықшылықтарын пайдаланыңыз.

## Есікті қауіпсіз ашу функциясы

Жетілдірілген функция жүргізушіні салонға бөтен адамдардың қажетсіз кіру жағдайларынан қорғайды.

# Динамика

Жаңа ELANTRA отын шығынының төмендігімен, бірқалыпты жүруімен және жетілдірілген басқарылушылығымен ерекшеленеді. Осының арқасында сіз көлік жүргізуден күн сайын ләззат аласыз.

## Smartstream G2.0 бензинді қозғалтқышы

149

Максималды қуаты, 6200 айн/мин кезінде а.к.

179.5

Максималды айналу сәті, 4500 айн/мин кезінде Н·м

## Gamma 1.6 MPi бензинді қозғалтқышы

127.5

Максималды қуаты, 5700 айн/мин кезінде а.к.

154.6

Максималды айналу сәті, 4850 айн/мин кезінде Н·м

## Бензинді қозғалтқыш Gamma 1.5 MPi

114.8

Максималды қуаты, 6300 айн/мин кезінде а.к.

143.8

Максималды айналу сәті, 4500 айн/мин кезінде Н·м



# Hyundai SmartSense



## Алдыдан соқтығысудың алдын алу жүйесі (FCA)

Көліктің айналасындағы жағдайды бақылайды және соқтығысу қаупі туралы ескертеді. Егер ескерткеннен кейін соқтығысу қаупі әлі де болса немесе жоғарыласа (мысалы, алда келе жатқан көлік кенеттен тежесе, алда басқа көлік, жаяу жүргінші немесе велосипед кенеттен пайда болса), жүйе автоматты түрде төтенше тежеуді қолданады. Дәл осындай жағдай қиылыста солға бұрылғанда немесе өз жолағында қозғалғанда қарсы келе жатқан көлікпен соқтығысу ықтималдығы жоғары болған жағдайда болады.



## Соқыр аймақтардағы соқтығысуды болдырмау жүйесі (BCA)

Егер көрші жолақта соқыр аймақтағы басқа көлік қозғалып келе жатса, жолақты ауыстыру кезінде соқтығысу қаупі туралы ескертеді. Егер ескерткеннен кейін соқтығысу қаупі әлі де сақталса немесе жоғарыласа, жүйе жол апатын болдырмау үшін автоматты түрде түзету әрекеттерін қолданады. Егер параллель автотұрақтан шыққан кезде автокөлігіңізге артқы жақтан жақындап келе жатқан көлік құралымен соқтығысу қаупі туындаса, жүйе автоматты түрде төтенше тежеуді қолданады.

## Қауіпсіз шығу көмекшісі (SEA)

Егер жолаушы көліктен шығу үшін есікті ашқан кезде, артқы жақтан басқа автокөлік жақындап келе жатса, жүйе ескерту сигналын береді және есікті электронды балалар құлпымен құлыптайды.



## Артқы жағынан көлденең бағытта қозғалатын көлік құралдарымен соқтығысуды болдырмау жүйесі (RCCA)

Артқа қарай қозғалған кезде оң немесе сол жақтан жақындап келе жатқан басқа көлікпен соқтығысу қаупі бар болса ескертеді. Егер ескертуден кейін соқтығысу қаупі сақталса немесе жоғарыласа, жүйе автоматты түрде төтенше тежеуді қолданады.



## Қозғалыс жолағында ұстау жүйесі (LFA)

Көлікті жолақтың ортасында ұстауға көмектеседі.

# Жабдықталуы



15-дюймдік болат дөңгелек дискілері

16-дюймдік жеңіл балқығыш дөңгелек дискілер

17-дюймдік жеңіл балқығыш дөңгелек дискілер



Күндізгі жарық шамдарының жіңішке жарықдиодты жолағы



Жарықдиодты фаралар (MFR)



Аспаптар комбинациясы (10,25 дюймдік түрлі түсті СК-дисплей)



Аспаптар комбинациясы (4,2 дюймдік түрлі түсті СК-дисплей)



10,25 дюймдік мультимедиялық жүйенің дисплейі



8 дюймдік мультимедиялық жүйенің дисплейі



Смартфондарды сымсыз зарядтау жүйесі



Екінші қатардағы мобильді құрылғыларды зарядтауға арналған USB Type-C қосқышы



Жарықдиодты артқы аралас шамдар



Галогендік артқы аралас шамдар



Автоматты басқарылатын екі аймақтық климат-бақылау



Қолмен басқарылатын климаттық қондырғы



Жылытылатын, жиналмалы және реттелетін электр жетегі және бұрылыс көрсеткіштерінің жарықдиодты қайталағыштары бар сыртқы артқы көрініс айналары



Алдыңғы және артқы тұрақ датчиктері




8 бағытта реттелетін электр жетегі және бел тірегі бар жүргізуші орындығы



Алдыңғы және артқы орындықтарды жылыту

# Түстері

## Интерьердің безендірілуі



## Шанақ

	Ақ Atlas White	Ашық-сұр Cyber Gray (металлик)	Сұр Fluid Gray (металлик)	Күңгірт-сұр Ecotronic Gray (перламутр)	Сұр-жасыл Amazon Gray (металлик)	Қара Abyss Black (перламутр)	Бозғылт-көк Meta Blue (перламутр)	Қанық көк Intense Blue (перламутр)	Қызыл Ultimate Red (металлик)
Шанақ бояуы мен салонның әрленген түстерінің үйлесімділігі	SAW	C5G	M6T	PE2	A5G	A2B	PM2	YP5	R2P
Бір түсті қара	•	•	•	•	•	•	•	•	•
Жасыл Sage Green	•	•	•	•	•	•	-	-	-
Сарғыш Cashmere Beige	•	•	•	•	•	•	•	•	-

# Техникалық сипаттамалары

Қозғалтқыш	Smartstream G2.0	Gamma 1.6 MPI	Gamma 1.5 MPI
Түрі	DOHC	DOHC	DOHC
Көлемі, см <sup>3</sup>	1 999	1 591	1 497
Максималды қуаты, айн/мин кезінде а.к.	149 / 6 200	127.5 / 6 300	114.8 / 6 300
Максималды айналу сәті, айн/мин кезінде кгс-м	179.5 / 4 500	154.6 / 4 850	143.8 / 4 500
<b>Тежеу механизмдері</b>			
Алдынан	Желдетілетін дискілі		
Артынан	Дискілік		
<b>Аспа</b>			
Алдынан	Тәуелсіз, серіппелері мен көлденең тұрақтылық тұрақтандырғышы бар McPherson тіреуіштері		
Артынан	Жартылай тәуелді		
<b>Шиналар</b>			
17" (225/45R17), 16" (205/55R16)			
<b>Габариттік өлшемдер</b>			
Орындықтан төбеге дейінгі биіктік, мм	Алдыңғы/артқы	989 (1 030) / 947	
Аяққа арналған кеңістік, мм	Алдыңғы/артқы	1 074 / 964	
Иық деңгейіндегі салонның ені, мм	Алдыңғы/артқы	1 434 / 1 412	

- Жоғарыда көрсетілген мәндер алдын ала бағалау нәтижесінде алынған және өзгертілуі мүмкін.
- Осы каталогта ұсынылған жабдықтардың бір бөлігі стандартты жабдықтар тізбесіне кірмеуі мүмкін.
- Hyundai Motor Company техникалық сипаттамалар мен жиынтықталымды алдын ала ескертусіз өзгерту құқығын өзіне қалдырады.
- Каталогта көрсетілген түстер басып шығару кезінде көрсету мүмкіндігінің шектеулі болуына байланысты нақты түстерден сәл өзгеше болуы мүмкін.
- Қолжетімді түстер мен тыстау материалдары туралы толық ақпарат алу үшін дилеріңізден кеңес алыңыз.

Өлшем бірліктері: мм, жолтабан ені 16 дюймдік шиналар кезінде, жақшада — 17 дюймдік шиналар кезінде.



Артқы жолтабан  
Габаритті ені

1 593 (1 579)  
1 825



Дөңгелек базасы  
Габаритті ұзындығы

2 720  
4 710

Габаритті биіктігі

1 430



Артқы жолтабан  
Габаритті ені

1 604 (1 590)  
1 825



## Бір отбасы — көп артықшылықтар.



### Кепілдік

ДАЙЫНДАУШЫНЫҢ ЖАҢА HYUNDAI АВТОМОБИЛІНЕ  
КЕПІЛДІГІ

Өндірушінің кепілдігі 5 жыл және 100 000 км (қайсысы ертерек болатынына байланысты), Hyundai ресми Дилері автомобильді бірінші сатып алушыға сатқан (берген) сәттен бастап Сервистік кітапшада көрсетілген шектеулерді ескере отырып, бұл туралы Сервистік кітапшада кепілдіктің басталу күні туралы тиісті белгі куәландырады.



### Trade-in

«TRADE-IN» ТИІМДІ БАҒДАРЛАМАСЫ

Барлық Hyundai дилерлік орталықтарында «Trade-in» тиімді бағдарламасы әрекет етеді. Барлығы өте оңай: кез келген маркалы автомобильді жаңа Hyundai автомобильіне айырбастаңыздар. Толығырақ Қазақстан бойынша барлық Hyundai ресми дилерлік орталықтарында.



### Call center

БАРЛЫҚ HYUNDAI ИЕЛЕРІ ҮШІН

7007 нөмірі бойынша клиенттерді қолдау қызметі 24/7 қолжетімді.

Дилердің мөрі

**Hyundai Auto Kazakhstan**

Брендтің Қазақстандағы ресми дистрибьюторы  
<http://hyundai.com>

Қазақстан бойынша бірыңғай тегін байланыс орталығы  
Ұялы телефоннан қоңырау шалу: 7007



Прайс-парақ